ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

10 шілде 2023 жыл № 1112-23-00-2/1363 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Кайруллина Айсулу Алдажаровна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер жеке кәсіпкер Кайруллина Айсулу Алдажаровнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Кайруллина Айсулу Алдажаровнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Кайруллина Айсулу Алдажаровнадан Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 47 838 (қырық жеті мың сегіз жүз отыз сегіз) теңге тұрақсыз айыбы, 1 435 (бір мың төрт жүз отыз бес) теңге төленген баж сомасы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Кайруллина Айсулу Алдажаровнадан мемлекеттік пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

А.С.Бегенбаева

Судья

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 10.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2023, судья Бегенбаева А. С., 22.08.2023